Әділет

# Ауданның мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы және мектепке дейінгі шағын орталықтардағы бір балаға есептелінген мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемін және мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қызметтерді алатын балалар үшін ата-аналар төлемінің ең жоғары мөлшерін бекіту туралы

*Күшін жойған*

Түпқараған ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 06 қазандағы № 240 қаулысы. Түпқараған ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 17 қарашада № 11-6-126 тіркелді. Күші жойылды - Түпқараған аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 02 шілдедегі № 463 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түпқараған аудандық әкімдігінің 2012.07.02 № 463 қаулысымен.

Қазақтан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы», 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» заңдарына, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2004 жылғы 21 желтоқсанындағы № 1353 « Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесін бекіту туралы» қаулысына, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2006 жылғы 7 шілдедегі № 372 «Балалар толық және жарты күн болатын мектепке дейінгі шағын орталықтар қызметін ұйымдастырудың үлгілік ережесін бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 20 қараша № 535 «Мектепке дейінгі мекемелерде мемлекеттік тапсырысты орналастырудың Әдістемелік кепілдемені бекіту туралы» бұйрығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 28 мамырдағы № 488 қаулысымен бекітілген, Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған «Балапан» бағадарламасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауданның бір балаға есептелінген мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі 2010 жылғы 1 - қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қызметтерді алатын балалар үшін ата - аналар төлемінің ең жоғары мөлшері 2010 жылғы 2 - қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары

О.Жарылғаповаға жүктелсін.

4. Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін 10 күнтізбесін күн өткен соң қолданысқа енеді.

Аудан әкімі С.Трұмов

Келісілді:
О.Б.Жарылғапова
Т.Алтынғалиев
«Түпқараған аудандық білім беру бөлімі» Мемлекеттік мекемесінің бастығы Г.Ибраева

06 қазан 2010 жыл

Аудан әкімдігінің 06 қазан 2010 ж № 240 қаулысына 1 - қосымша

1. Ауданның бір балаға есептелінген мемлекеттік білім беру тапсырмасының көлемі

- балабақшада – 129903 тенге
- мектеп жанындағы шағын орталықта - 106556 тенге
- барлық шағын орталықтарда – 110653 тенге

Аудан әкімдігінің 06 қазан 2010 ж № 240 қаулысына 2 - қосымша

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы және мектепке дейінгі шағын орталықтардағы мемлекеттік білім беру тапсырмасы бойынша қызметтерді алатын балалар үшін ата - аналар төлемінің ең жоғары мөлшері 10000 тенге.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК